

Шаруашылық серіктестіктеріндегі акциялардың мемлекеттік пакеттері мен үлестерін басқаруды тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 мамыр N 607

Мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктеріндегі акциялардың мемлекеттік пакеттері мен үлестерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

- 1 .
- 2 .
- 3 .

ЕСКЕРТУ. 1-3-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен. P991504_

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде шаруашылық серіктестігінің қаржы жағдайын байқаушы кеңес мүшелерінің талдауы бойынша ұсынымдар әзірлеп, бекітсін.

5. "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процесіндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 28, 341-бап) бекітілген "Мемлекеттік акционерлік компаниялардың басшыларын тағайындау және бекіту тәртібі" деген N 3 қ о с ы м ш а с ы н ы ң ;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 тамыздағы N 1177 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 29, 353-бап) 2-тармағының оныншы, он бірінші абзацтарының күші жойылған д е п т а н ы л с ы н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК